## Қарағанды облысы Приозерск қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2011 - 2013 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 291 Қаулысы

Қарағанды облысы Приозерск қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту проблемаларын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды облысы Приозерск қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2011 - 2013 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдары Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 20 қаңтардан және 20 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 30 наурыздағы
№ 291 қаулысымен
бекітілген

## Қарағанды облысы Приозерск қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2011 - 2013 жылдарға арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқтау нысаны | Орындауға (іске асыруға жауапшылар) | Ақпарат беру мерзімі | Болжамды шығыстар (млн. теңге) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық шарттар мен келісімдерден туындайтын мәселелер | | | | | | |
| 1. | 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы келісім мен 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы шартқа сәйкес Приозерск қаласының Ресей тарапы пайдаланатын объектілеріне түгендеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі, Қорғанысмині | 2012 жылғы қаңтар | Талап етілмейді | |
| 2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | | | | | | |
| Жылумен жабдықтау | | | | | | |
| 2. | Жаңа қазандық пайдалануға берілгенге дейін қаланы жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін Қарағанды облысының Приозерск қаласының № 1 қазандығын күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар кешені мен техникалық іс-шаралар өткізу | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКША, Қаржимині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар | 2011 жылғы - 432,0* | Республикалық бюджет |
| 3. | Қарағанды облысының Приозерск қаласында жаңа қазандық салу мәселесін пысықтау | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКШІА, ИЖТМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | 2011 жылы - 10,7 2012 жылы - 352,0 2013 жылы - 200,0 2012 жылы - 1800** 2013 жылы - 1800** | Жергілікті бюджет Республикалық бюджет |
| 4. | Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдау жөнінде, оның ішінде № 1 қазандығын және жылу желілерін алдағы жылыту маусымына дайындау жөнінде жұмыстар жүргізу (ағымдағы жөндеу, отын, катионит, электр энергиясын, техникалық тұз және т.б. сатып алу) | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | 2011 жылы - 520,0 2012 жылы - 520,0 2013 жылы - 520,0 | Жергілікті бюджет |
| Сумен жабдықтау | | | | | | |
| | Қарағанды облысы Приозерск қаласының Чапаев, Абай, Бауыржан Момышұлы, Дорохов, Балқаш, Новая, Песчаная көшелерінде « | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Ак-Бұлақ» бағдарламасы шеңберінде № 2 су аққысындағы сумен жабдықтауды тазарту кешені мен сумен жабдықтау жүйесін ( 4,5 км) қайта жаңарту: | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКШІА, Қаржымині Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | | |
| | а) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу | | | | 2011 жылы - 33,0 | Жергілікті бюджет |
| | б) № 2 су аққысындағы сумен жабдықтауды тазарту кешені мен сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту | | | | 2012 жылы - 36,0 2013 жылы - 60,0 2012 жылы - 180,0* 2013 жылы - 300,0* | Республикалық бюджет |
| Тұрғын үйлер мен өндірістік құрылыстар | | | | | | |
| 6. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының коммуналдық меншігіндегі көп қабатты он тоғыз тұрғын үйді орталық жылумен жабдықтауға қосу | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКІША, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар | 2011 жылы - 118,6* | Республикалық бюджет |
| 7. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының коммуналдық меншігіндегі көп қабатты тұрғын үйлердегі үйішілік сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінде күрделі жөндеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар | 2011 жылы - 48,4 | Жергілікті бюджет |
| 8. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының коммуналдық меншігіндегі көп қабатты тұрғын үйлердегі электрмен жабдықтаудың үйішілік жүйелерінде күрделі жөндеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 166,8 | Жергілікті бюджет |
| 9. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының коммуналдық меншігіндегі тоғыз қабатты он тұрғын үйдегі лифттерге күрделі жөндеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2013 жылғы шілде | 2013 жылы - 67,7 | Жергілікті бюджет |
| 10. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының коммуналдық меншігіндегі көп қабатты тұрғын үйлердің жабындарына, қасбеттеріне күрделі жөндеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | 2011 жылы - 61,1 2012 жылы - 66,4 2013 жылы - 55,9 | Жергілікті бюджет |
| | Қарағанды облысы Приозерск қаласының коммуналдық меншігіндегі бос тұрған алты үйге және оларға инженерлік коммуникацияларға қайта жаңартуды жүргізу: | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | а) техникалық тексеру жүргізу және жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКШІА, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | 2011 жылы - 32,5 | Жергілікті бюджет |
| | б) қайта жаңартуды жүргізу | | | | 2012 жылы - 35,3 2013 жылы - 42,5 2012 жылы - 317,9* 2013 жылы - 382,0* | Республикалық бюджет |
| 12. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының Абай, Ағыбай батыр, Бауыржан Момышұлы, Достық, Космонавтар, Кисунько, Чапаев көшелері, Кеңес Армиясы гүлзары бойындағы авариялық тұрғын үйлердегі конструкцияларды күшейту жөнінде жөндеу жұмыстарын жүргізу: | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар | | Жергілікті бюджет |
| | а) техникалық тексеру жүргізу және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу | | | | 2011 жылы - 27,0 | |
| | б) авариялық үйлердегі конструкцияларды күшейту жөнінде жөндеу жұмыстарын жүргізу | | | | 2011 жылы - 320,0 | |
| 13. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының қалпына келтіруге келмейтін тұрғын үй-азаматтық ғимараттарының конструкцияларын рекультивациялай және құрылыс қалдықтарын алып тастай отырып, оларды бұзу | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКШІА, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар, шілде | 2012 жылы- 49,0 2013 жылы - 49,0 2012 жылы - 257,0* 2013 жылы - 257,0* | Жергілікті бюджет Республикалық бюджет |
| 14. | «Камбала» әскери әуеайлағы ауданында қираған үйлер мен әскери бөлімдердің құрылыстарын бұзуды жүргізу және аумақтарды рекультивациялау | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 160,0* | Жергілікті бюджет |
| Абаттандыру | | | | | | |
| 15. | Қарағанды облысының Приозерск қаласында ұзындығы 7,5 км 213 тірек және жарық нүктелерін орната отырып, көше жарықтарын қалпына келтіру | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар, шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2011 жылы - 33,9 2012 жылы - 31,5 | Жергілікті бюджет |
| 16. | Қарағанды облысының Приозерск қаласында жасыл | | | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | екпелерді суару үшін құбыржол салу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | қаңтар, шілде | 2012 жылы - 22,8 2013 жылы - 18,9 | Жергілікті бюджет |
| 17. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық реформалау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны үшін арнайы техника сатып алу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 78,4 | Жергілікті бюджет |
| 3. Экология және табиғат пайдалану | | | | | | |
| 18. | Кейіннен рекультивациялай отырып, жағалау аумақтарының мұнай өнімдерімен ластанған алаңдарын жою (Қарағанды облысы Приозерск қаласының оңтүстігіне қарай тұзды көл битуммен ластанған: | ЭДСМ-ге ақпарат | Қоршағанортамині, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | | |
| | а) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу | | | | 2011 жылы - 10,0 | Жергілікті бюджет |
| | б) кейіннен рекультивациялай отырып жағалау аумақтарының мұнай өнімдерімен ластанған алаңдарын жою | | | | 2012 жылы - 100,0* 2013 жылы - 100,0* | Республикалық бюджет |
| 19. | Қарағанды облысының Приозерск қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қоршағанортамині, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 12,4 2012 жылы - 111,6* | Жергілікті бюджет Республикалық бюджет |
| 20. | Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы кәріз ағындарының тазарту құрылыстарын жаңарту: | ЭДСМ-ге ақпарат | ҚТКШІА, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | | |
| | а) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу | | | | 2011 жылы - 61,0 2012 жылы - 61,0 2013 жылы - 61,0 | Жергілікті бюджет |
| | б) тазарту құрылыстарын жаңарту | | | | 2012 жылы - 551,2* 2013 жылы - 551,2* | Республикалық бюджет |
| 21. | Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы кварталішілік кәріз желілеріне күрделі жөндеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар, шілде | 2011 жылы - 49,0 2012 жылы - 13,3 | Жергілікті бюджет |
| 4. Білім беру | | | | | | |
| 22. | Қарағанды облысының Приозерск қаласында 200 орынға арналған балабақша салу: | ЭДСМ-ге ақпарат | БҒМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, | | |
| | а) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу | | | | 2011 жылы - 10,0 | Жергілікті бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | б) балабақша салу | | | қаңтар, шілде | 2012 жылы - 25,0 2012 жылы - 225,0* | Республикалық бюджет |
| 23. | Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы өнер және спорт мектебін қайта жаңартуды жүргізу: | ЭДСМ-ге ақпарат | БҒМ, ТСМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012-2013 жылдар, қаңтар, шілде | | |
| | а) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу | | | | 2011 жылы - 9,5 2012 жылы - 14,0 2013 жылы - 14,0 | Жергілікті бюджет |
| | б) өнер және спорт мектебін қайта жаңартуды жүргізу | | | | 2012 жылы - 127,0* 2013 жылы - 126,0* | Республикалық бюджет |
| 5. Мемлекеттік қызметтер, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік | | | | | | |
| 24. | Қарағанды облысы Приозерск қаласында Халыққа қызмет көрсету орталығына күту залының қосымша құрылысын салып, жарақтандыру | ЭДСМ-ге ақпарат | БАМ, Қаржымині Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 27,4* | Республикалық бюджет |
| 25. | Қарағанды облысы Приозерск қаласында әділет басқармасын құру (қолда бар штат саны шегінде) | ҚР Үкіметінің қаулысы, ЭДСМ-ге ақпарат | Әділетмині, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы қаңтар | Талап етілмейді | |
| 26. | Қарағанды облысы Приозерск қаласының ішкі істер бөлімі үшін арнайы техника мен жабдық сатып алу | ЭДСМ-ге ақпарат | ІІМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар, шілде | 2012 жылы- 14,2 * 2013 жылы - 12,8* | Республикалық бюджет |
| 6. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою | | | | | | |
| 27. | Қарағанды облысының Приозерск қаласында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің суда құтқару станциясын құру: а) жер учаскесін ресімдеу; б) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу в) станцияны салу; г) жабдықты, техниканы және жарақты сатып алу; д) суда құтқару станциясының қызметін қамтамасыз етуге қаражат көздеу | ЭДСМ-ге ақпарат | ТЖМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 - 2013 жылдар, қаңтар, шілде | 2011 жылы - 0,4 * 2011 жылы - 7,0* 2012 жылы - 331,3* 2013 жылы - 141,9* 2013 жылы - 22,7* | Республикалық бюджет |
| 28. | Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы № 47 өрт сөндіру бөліміндегі өрт сөндіру деposының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу | ЭДСМ-ге ақпарат | ТЖМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар | 2011 жылы - 47,0* | Республикалық бюджет |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 29. | 4 шығуға арналған өрт техникасы үшін гараж боксын салу: а) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу б) гараж боксын салу | ЭДСМ-ге ақпарат | ТЖМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімі | 2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар, шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2011 жылы - 3,0 * 2012 жылы - 57,0* | Республикалық бюджет |
| 30. | Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы № 47 өрт сөндіру бөлімі үшін арнайы өрт сөндіру техникасын сатып алу | ЭДСМ-ге ақпарат | ТЖМ, Қаржымині | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 85,0* | Республикалық бюджет |
| 31. | Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы № 47 өрт сөндіру бөлімі үшін авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнайы автомобиль техникасын сатып алу | ЭДСМ-ге ақпарат | ТЖМ, Қаржымині | 2012 жылғы шілде, 2013 жылғы қаңтар | 2012 жылы - 159,4* | Республикалық бюджет |
| Бюджеттік ресурстарға қажеттілік: | | | | | | |
| 1 | Республикалық бюджет | 2011 жыл | 608,0 | | | |
| | | 2012 жыл | 4 344,0 | | | |
| | | 2013 жыл | 3 693,6 | | | |
| | Жиыны: | | 8 645,6 | | | |
| 2 | Жергілікті бюджет | 2011 жыл | 1 226,1 | | | |
| | | 2012 жыл | 1 643,9 | | | |
| | | 2013 жыл | 1 089,0 | | | |
| | Жиыны: | | 3 959,0 | | | |
| 3 | Бюджет қаражаты, барлығы | 2011 жыл | 1 834,1 | | | |
| | | 2012 жыл | 5 987,9 | | | |
| | | 2013 жыл | 4 782,6 | | | |
| | Жиыны: | | 12 604,6 | | | |

Ескерту:
* 2011-2013 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті жоспарлы кезеңге республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру (нақтылау) кезінде нақтыланатын болады.
** Қарағанды облысының Приозерск қаласында жаңа қазандық салудың орындылығы техникалық-экономикалық негіздемеге экономикалық оң қорытындының негізінде анықталатын болады, құрылыс сомасы шамамен анықталды.
Аббревиатуалардың толық жазылуы:
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ҚТКШІА - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК